



UIB
SINCE 1992

«Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті» ЖШС

**ХБУ студентіне
қысқартылған оқу мерзімін көздейтін
ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы
ҚОСЫЛУ ШАРТЫ**

Осы Қосылу Шартпен «Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті» ЖШС, бұдан әрі «Университет, ХБУ» деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ берген 2025 жылғы 06.03. № KZ08LAM00001219 лицензиясы (қайта тіркеу) негізінде әрекет ететін, осы Қосылу Шарттың талаптарына қосылған Білім алушының қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру қызметтерін ақылы түрде алу талаптарын айқындайды. Осы Шарт бойынша Білім алушылар: Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар азаматтары; жоғары білім кадрларын даярлаудың туыстас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар; мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары; НЗМ түлегі; UIB Көпсалалы колледжінің түлегі бола алады.

Білім алушының, оның заңды Өкілінің және (немесе) Төлем жасаушы тараптың осы Шартқа қосылуы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын нысанға сәйкес қол қойылған «Қосылу туралы Өтініш» негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушы, сондай-ақ оның заңды Өкілі және (немесе) Төлем жасаушы тарап осы Шартқа қосылғаннан кейін және Университеттің уәкілетті қызметкері Өтінішті қабылдағаны туралы белгі қойғаннан кейін ғана, Университетпен бірге осы Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді толық көлемде қабылдайды.

Тараптар Шарттың жасалған күні «Қосылу туралы өтінішке» қол қойылған күн болып есептеледі деп келісті. Өтініш 2 (екі) бірдей данада жасалады, әрбір Тарапқа бір данадан беріледі.

Білім алушының «Қосылу туралы Өтінішті» беруі Университетте оны Университет білім алушыларының қатарына автоматты түрде қабылдау міндеттемесінің туындауын білдірмейді. Университетке қабылдау осы Шарттың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

Осы Қосылу Шарты бекітілген үлгілік нысан болып табылады және Білім алушы, оның заңды өкілі және (немесе) Төлем жасаушы тарап тарапынан өзгертілуге жатпайды.

Университет осы Шартта айқындалған тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер енгізілген жағдайда, Университет Білім алушыға, ал Білім алушы кәмелетке толмаған жағдайда – Өкілге, мұндай өзгерістердің күшіне ену күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Университеттің ресми сайтында <https://uib.edu.kz/> және Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдары арқылы ақпарат орналастыру жолымен хабарлайды.

Тараптар осы Қосылу Шарттың нысаны мен оған қосылу тәртібі шарттарды жасасудың жазбаша нысанына теңестірілетініне сөзсіз келіседі.

1. БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Университет өзіне мынадай міндеттемелерді алады:

а) Білім алушыны ақылы негізде оқытуды ұйымдастыру:

– күндізгі оқу нысаны бойынша Білім алушы «Қосылу туралы өтініште» көрсеткен жоғары білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша, <https://front.uib.kz/>, <https://uib.academo.kz> ақпараттық платформаларында уақтылы тіркелген және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген

академиялық кредиттер санын меңгерген жағдайда оқытуды ұйымдастыру. Жоғарғы білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша оқудың нормативтік, сондай-ақ ең жоғары мерзімі Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен айкындалады;

ә) Білім алушыға қосымша ақылы білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін ұсыну;

б) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытуды жүзеге асыру, тиісті жоғары білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен Білім алушыға «бакалавр» дәрежесін беру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келетін үлгідегі қосымшасы бар диплом беру.

2. БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университет міндеттенеді:

2.1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және Университеттің нормативтік құжаттары негізінде (немесе басқа білім беру ұйымынан ауыстырылған жағдайда, академиялық айырмашылықты өтеу және ақылы негізде) Білім алушыны Университет білім алушыларының қатарына қабылдауға, бұл ретте Білім алушы немесе Өкілі және (немесе) Төлем жасаушы тарап №1 Қосымшаға және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Қосылу туралы өтініште» көрсетілген таңдалған академиялық кредиттердің құны мөлшерінде оқу ақысын төлеуге міндетті. Білім алушы тіркеле алатын кредиттер саны Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді. Университетке оқуға қабылдау берілген Қосылу туралы өтініш негізінде Ректордың бұйрығымен және осы Шарт негізінде, Университеттің «Оқу ақысы төлеу жүйесі және оқу ақысына жеңілдіктер беру туралы» ережесіне және тиісті жылға белгіленген білім беру қызметтерінің құнына сәйкес алғашқы соманы төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

2.1.2. Білім алушының танысуы үшін ішкі нормативтік құжаттарды Университеттің ресми электрондық акпараттық ресурстарына орналастыруға. Тараптар Білім алушының Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен танысқанын растайтын жеке қолтаңбасының талап етілмейтіні туралы келісімге келді.

2.1.3. Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Университеттің Академиялық саясатының және білім беру процесін реттейтін өзге де ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес бакалаврды даярлауды қамтамасыз етуге.

2.1.4. Білім алушының оқу жүктемесінің ұсынылатын көлемін айқындауға және оқу үшін салауатты әрі қауіпсіз жағдайлар жасауға. Бұл ретте бакалавриаттың бірінші оқу жылындағы Білім алушыларға оқу жылының басында Университет МЖМБС нормаларына сәйкес екі семестр мерзіміне дайын оқу жоспарын ұсынады.

2.1.5. Білім беру ұйымдары кітапханаларының акпараттық ресурстарына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділікті және оларды пайдалануды қамтамасыз етуге.

2.1.6. Жеке оқу жоспарына сәйкес практиканың барлық түрлерінен, зерттеу жұмыстарынан және практикалық даярлықтан, оның ішінде ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардан өтуге жәрдемдесуге.

2.1.7. Білім алушыға ерікті негізде Университеттің ғылыми, мәдени, спорттық және өзге де іс-шараларына қатысу мүмкіндігін ұйымдастыруға және ұсынуға.

2.1.8. Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне, Университеттің Академиялық саясатының қағидаларына сәйкес Білім алушының жеке өтініші негізінде оны басқа білім беру ұйымына, бір тілдік бөлімнен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан басқа білім беру бағдарламасына ауыстыруды, сондай-ақ қайта қабылдауды қамтамасыз етуге.

2.1.9. Білім алушыға Университеттің Академиялық саясатында және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген талаптар мен тәртіпке сәйкес қосымша кредиттерді игеру мүмкіндігін ұсынуға.

2.1.10. Қажетті академиялық кредиттерді ойдағыдай игергеннен кейін Білім алушыға «бакалавр» академиялық дәрежесін беруге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін үлгідегі қосымшасы бар диплом беруге.

2.1.11. Білім алушы Университеттен өз еркімен шығарылған және (немесе) осы Шарт Университеттің, Білім алушының және (немесе) Өкілдің бастамасы бойынша бұзылған жағдайда, Білім алушының оқу сабақтарына қатысқанына қарамастан, төленген ақы қайтарылмайды.

2.1.12. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, сондай-ақ тиісті жылға арналған білім беру қызметтерінің құны өзгерген жағдайда, өзгерістердің күшіне ену күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ақпаратты Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында <https://uib.edu.kz/>, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер және коммуникация құралдары арқылы орналастыруға.

2.2. Университеттің құқықтары:

2.2.1. Білім алушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттерін адал және тиісінше орындауды, Университеттің ішкі нормативтік актілерін, оқу тәртібін сақтауды, оқытушыларға, қызметкерлерге және Университет білім алушыларына дұрыс әрі құрметпен қарауды талап етуге. Университеттің ішкі нормативтік актілері оның ресми ақпараттық ресурсында (Университеттің сайты <https://uib.edu.kz/>, корпоративтік пошта және т.б.) орналастырылған. Тараптар Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университеттің сайты және т.б.) орналастырылған ішкі нормативтік актілерге өзгерістер енгізілген жағдайда, олармен танысқаны туралы жазбаша акт жасаудың талап етілмейтіні туралы келісімге келді. Университеттің ресми ақпараттық ресурсында орналастырылған ішкі нормативтік актілер Университеттің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң заңды күшіне енеді.

2.2.2. Білім алушыға оқу тәртібін, осы Шарттың 2.2.1-тармағының талаптарын, Университеттің ішкі нормативтік актілерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын, Университеттен оқудан шығаруға дейін қолдануға құқықты.

2.2.3. Білім алушыдан Университеттің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу қағидаларын сақтауды талап етуге. Білім алушының әрекеттері салдарынан материалдық залал келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындардың өтелуін талап етуге.

2.2.4. Академиялық саясаттың, жеке оқу жоспарының, бірінші оқу жылына арналған екі семестр мерзіміне дайын оқу жоспарының талаптарын орындамаған, сондай-ақ семестр үшін белгіленген ең төменгі ауысу балын (GPA) жинамаған Білім алушыны қайта оқу кезеңіне қалдыруға. Бұл ретте Білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша білім алуын жалғастыра алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады.

2.2.5. Белгіленген мерзімдерде қайта оқу курсына тіркелмеген Білім алушыны оқудан шығаруға.

2.2.6. Білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге және марапаттауға.

2.2.7. Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген мерзімдер мен шарттарда қосымша кредиттерді игеру мүмкіндігін ұйымдастыруға.

2.2.8. Тәртіптік теріс қылық жасағаны, ішкі нормативтік актілердің ережелерін бұзғаны, оқу тәртібін жүйелі түрде немесе өрескел бұзғаны (әрбір пән бойынша жалпы сағат санының 20%-нан астам байланыс сабақтарын дәлелді себепсіз жүйелі түрде өткізіп алуы, Университеттің ақпараттық ресурстарына кіруге әрекет жасауы және (немесе) заңсыз қол жеткізуі, жалған құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды ұсынуы), академиялық үлгермеушілігі, осы Шарттың, оның ішінде 2.2.1-тармағының талаптарын, Академиялық адалдық кодексін, Университет Жарғысын бұзғаны, ҚР заңнамасының нормаларын, Университеттің ішкі нормативтік актілерінің нормаларын бұзғаны, сондай-ақ оның туындау негіздеріне қарамастан Университет алдында қаржылық берешегі болғаны үшін Білім алушыны оқудан шығаруға және осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға.

2.2.9. Университеттің Академиялық саясатында белгіленген академиялық сабақтарды өткізіп алудың ең жоғары рұқсат етілген санынан асып кеткен жағдайда, Білім алушыны пәнді одан әрі оқуға және/немесе бақылаудың барлық түрлеріне жібермеу.

2.2.10. Білім беру бағдарламасы бойынша Білім алушылардың саны жеткіліксіз болған жағдайда (30 адамнан кем), Білім алушыны оның келісімімен басқа білім беру бағдарламасына ауыстыруға, ал Білім алушының ауысуға келісімі болмаған жағдайда, осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға және Білім алушыға оқу үшін артық төленген соманы қандай да бір ұстап қалуларсыз қайтаруға.

2.2.11. Білім алушыға немесе оның Өкіліне және (немесе) Төлем жасаушы тарапқа қаржылық, академиялық берешектің болуы, сондай-ақ келесі академиялық кезеңге тіркелу үшін келу қажеттілігі туралы жеке хабарламауға (академиялық үлгерім, қаржылық берешек туралы ақпарат Университеттің электрондық ақпараттық ресурстарында орналастырылады). Кәмелетке толмаған Білім алушының Өкіліне және (немесе)

Төлем жасаушы тарапқа академиялық үлгерімі немесе қаржылық берешегі туралы ақпаратты Өкілдің және (немесе) Төлем жасаушы тараптың жазбаша сұрауы негізінде ғана хабарлауға.

2.2.12. Университет ғимаратында оқу процесін, аралық және қорытынды бақылауды және ішкі тәртіпті тіркеу үшін тұлғаны тану жөніндегі цифрлық құрылғыларды қолдануға, сондай-ақ қажет болған жағдайда аралық және қорытынды бақылауды онлайн прокторинг жүйесін (Білім алушыны онлайн сүйемелдеу және бақылау) пайдалана отырып жүзеге асыруға.

2.2.13. Уәкілетті органдар төтенше жағдай, карантин немесе басқа да мән-жайлар жариялаған жағдайда, тиісті платформаларды пайдалана отырып, оқу процесін қашықтықтан өткізуге.

2.2.14. ҚР дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес Тараптар Университеттің Білім алушыға, оның заңды Өкіліне және (немесе) Төлем жасаушы тарапқа тікелей немесе жанама қатысты, осы Шарт шеңберінде және (немесе) Университет білім беру және өзге де қызметтерді көрсету барысында қолжетімді болатын деректерді, сондай-ақ кез келген ақпаратты, оның ішінде: тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін, мекенжайын, отбасылық жағдайын, білімін, ұлтын, ЖСН\БСН және кез келген басқа ақпаратты («Дербес деректер») жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, беруге (таратуға, ұсынуға, қол жеткізуге) Университеттің құқығы бар екендігі туралы келісімге келді.

Университет ҚР дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Білім алушының және оның заңды Өкілінің және (немесе) Төлем жасаушы тараптың осы Шарттан туындайтын мақсаттар үшін, сондай-ақ Университеттің білім беру және өзге де қызметтерді көрсетуі үшін дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге және мемлекеттік уәкілетті органдарға және ҚР Білім және ғылым министрлігіне беруге жазбаша келісімі Білім алушының және оның заңды Өкілінің және (немесе) Төлем жасаушы тараптың осы Шартқа қосылған сәтінде алынған болып есептеледі.

2.3. Білім алушы міндеттенеді:

2.3.1. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына негізделген жеке оқу жоспарының толық көлемінде білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға, бақылаудың барлық түрлерін белгіленген мерзімдерде тапсыруға. Білім алушының осы тармақты бұзуы оны немесе Өкілді және (немесе) Төлем жасаушы тарапты Шарт бойынша төлем жасаудан босатуға негіз болып табылмайды.

2.3.2. Университеттің ішкі нормативтік актілерімен, Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдерімен, Университет Жарғысымен, осы Шарттың талаптарымен, Академиялық саясатпен, Академиялық адалдық кодексімен және ресми ақпараттық ресурста орналастырылған өзге де құжаттармен танысуға, оларды сақтауға және орындауға.

2.3.3. Университеттің мүлкіне ұқыпты қарауға және оны ұтымды пайдалануға, оқу үшін қалыпты жағдайлар жасауға қатысуға.

2.3.4. Университеттің қоғамдық өміріне қатысуға.

2.3.5. Осы Қосылу Шартқа №1 Қосымша негізінде білім беру қызметтерінің ақысын өзі немесе өзінің Өкілі және (немесе) Төлем жасаушы тарап арқылы уактылы төлеуге.

2.3.6. Өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастыру кезінде білім беру саласындағы нормативтік актілерді, Университеттің Академиялық саясатының қағидаларын қатаң сақтауға және оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген тәртібі мен мерзімдерін сақтауға.

2.3.7. Сабақтарды дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда өзі немесе туыстары не Өкілі арқылы 2 жұмыс күні ішінде Университеттің Деканатына болған жағдай туралы хабарлауға және сауыққаннан немесе оқиғалар тоқтағаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде осы жағдайды растайтын құжаттарды ұсынуға.

Білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған жағдайда, уақытша еңбекке жарамсыздық парағының/анықтамасының жабылған күнінен бастап 3 күннен кешіктірмей, олардың жарамдылығын тексеру үшін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Университетке бұл туралы жазбаша хабарлауға. Осы тармақта көрсетілген оқиғаларды растайтын құжаттар 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған жағдайда, Университет кейіннен Білім алушы ұсынған құжаттарды қабылдауға және қарамауға құқылы.

2.3.8. Жеке оқу жоспарында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін орындауға және пән бойынша кредиттерді алу үшін оң қорытынды баға алуға. Білім алушы пән бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған жағдайда, осы пән бойынша кредиттер берілмейді. Үлгерімді ағымдағы бақылауды, аралық және

қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі ҚР заңнамасымен және Университеттің ішкі нормативтік актілерімен айкындалады.

2.3.9. Пән бойынша «қанағаттанарлықсыз» қорытынды баға алған және (немесе) осы Шарттың 2.2.8-тармағына сәйкес сабақтарды өткізіп алғаны үшін пәнді оқуға жіберілмеген Білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе қосымша семестрде жеке оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түріне акылы негізде қайта қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады. Ол үшін Білім алушы пәнге қайта тіркелу рәсімінен өтеді. Белгіленген кредиттер санын және (немесе) ең төменгі ауысу балын (GPA) жинамаған, өзінің жылдық жеке оқу жоспарын орындамаған Білім алушы бұйрыққа сәйкес қайта оқу курсына қалады.

2.3.10. Әскери есепке алу қағидаларын сақтауға.

2.3.11. Әкімшіліктің талабы бойынша Шарт талаптарын, ішкі тәртіп қағидаларын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктемелер беруге.

2.3.12. Тегінің, атының, әкесінің атының, жеке басын куәландыратын құжат деректемелерінің, отбасылық жағдайының, тұрғылықты жерінің, телефон нөмірінің, электрондық пошта мекенжайының өзгерген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы Университетке жазбаша хабарлауға. Көрсетілген өзгерістер туралы Университетке хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, Университет құжаттарды уақтылы бермеуге, хат-хабарларды жеткізуге, хабарламаларды жіберуге және Білім алушы туралы мәліметтердің өзектілігіне байланысты өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға жауапты болмайды.

2.3.13. Moodle оқу жүйесінің пайдаланушысы және Университеттің өзге де ақпараттық платформаларының <https://front.uib.kz/>, <https://uib.academo.kz/> пайдаланушысы ретінде құпиялылықты сақтауға және жүйеге кіруге мүмкіндік беретін өзінің логині мен паролін қандай да бір тұлғаға бермеуге міндетті. Білім алушы Университеттің электрондық ақпараттық жүйелері мен платформаларында тіркеуді, өтініштерді жазуды және беруді өз бетінше жүзеге асырады. Университеттің электрондық ақпараттық жүйелері мен платформаларында өтініштердің барлық нысандары мен түрлерін тіркеу және беру рәсімдері өтінішті жазбаша түрде беруге теңестіріледі.

2.3.14. Жеке оқу жоспарына сәйкес практиканың барлық түрлерінен уақтылы өтуге, олар бойынша есептерді қорғауға, зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін орындауға, практикалық даярлықтан, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардан өтуге.

2.3.15. Оқытушыларға, қызметкерлерге және білім алушыларға құрметпен әрі дұрыс қарым-қатынас жасауға, Университеттің абыройы мен іскерлік беделін құрметтеуге, оның имиджіне нұқсан келтіретін ақпаратты таратпауға, сондай-ақ бейне/аудио немесе өзге де оқу контентін таратпауға.

2.3.16. Академиялық үлгерімі, сабаққа қатысуы, Білім алушыға тәртіптік жазалардың қолданылуы және оны материалдық жауапкершілікке тарту туралы ақпаратты Өкілге және (немесе) Төлем жасаушы тарапқа уақтылы және толық көлемде жеткізуге.

2.3.17. Өзінің денсаулығы мен өміріне, айналасындағылардың денсаулығы мен өміріне ұқыпты қарауға. Білім алушы өзі жеке немесе өзінің қатысуымен жасалған адамның өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған құқыққа қайшы әрекеттері үшін ҚР заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді.

2.3.18. Өмірлік қиын жағдайдағы тұлға мәртебесі болған жағдайда (жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және т.б.), Білім алушы Университетке тиісті мәртебесін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады. Растайтын құжаттар ұсынылмаған және (немесе) дұрыс емес құжаттар ұсынылған жағдайда, Университет Білім алушының жеңілдіктерді және өзге де төлемдерді алмауы немесе оларды уақтылы алмауы үшін жауапты болмайды.

2.3.19. Интернет желісіндегі Университеттің ресми сайтында <https://uib.edu.kz/>, сондай-ақ Университетпен ақпараттық жүйелерде, платформаларда және коммуникация құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе білім беру қызметтерінің құнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше бақылауға. Бұл ретте Білім алушы Шарттағы және (немесе) білім беру қызметтерінің құнындағы өзгерістерден, сондай-ақ бар дебиторлық берешектен хабарсыз болғанына сілтеме жасауға құқылы емес.

2.3.20. Материалдық залал, Университеттің абыройы мен іскерлік беделіне зиян келтірілген жағдайда, ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен толық материалдық жауапкершілікке тартылуға.

2.3.21. Оқу процесі мен тапсырмаларды орындау үшін қажетті цифрлық құрылғылары болуға, қажет болған жағдайда онлайн прокторинг жүйесін пайдалана отырып аралық және қорытынды бақылаудан өту үшін Интернетке тұрақты қосылуды (өткізу қабілеті кемінде 5 Мбит/с) қамтамасыз етуге.

2.3.22. Университет аумағына кірген және шыққан кезде Университетте белгіленген сәйкестендіру және бақылау құралдарын пайдалана отырып, Университеттің өткізу жүйесі арқылы өту.

2.3.23. Егер Университеттің ішкі гранты бойынша білім алған немесе оқу үшін жеңілдік (әлеуметтік жеңілдікті қоспағанда) алған Білім алушы кез келген негіз бойынша Университеттен оқудан шығарылса, мұндай Білім алушы оқудың барлық өткен кезеңі үшін ішкі гранттың және берілген жеңілдіктің құнын оқуға қабылданған кездегі кредиттің бағасы бойынша өтеуге міндетті.

2.4. Білім алушының құқықтары:

2.4.1. Университет басшысының бұйрығы негізінде ауысу және қайта қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына, бір білім беру бағдарламасынан басқа білім беру бағдарламасына ауысуға, сондай-ақ ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуға.

2.4.2. Қосымша ақы төлеу арқылы қосымша білім беру қызметтерін алуға.

2.4.3. Университеттің кітапханасы мен оқу залдарында оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізуге және оны пайдалануға.

2.4.4. ҚР заңнамасына, Университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес, сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қоса алғанда, басқа да білім беру ұйымдарында кредиттерді игеруге.

2.4.5. Университеттің өзін-өзі басқару органдарына қатысуға.

2.4.6. Ауызша және жазбаша өтініш бойынша академиялық мәселелер жөнінде консультациялар алуға және (немесе) өзі енгізген сомалардың Университеттің есеп айырысу шотына түсуін салыстырып тексеруге.

2.4.7. Академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке кезекті академиялық кезеңге тіркелудің мүмкін еместігі туралы дәлелді себебін көрсете отырып өтініш беруге.

2.4.8. Білім алушы білім беру қызметтері үшін ақы төлеген, бірақ өзінің жеке өтініші және Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің келісімі негізінде тіркеу жүргізілмейтін академиялық кезең үшін төленген ақы қайтарылмайды және келесі академиялық кезеңдегі оқу ақысының есебіне жатқызылады.

2.5. Өкілдің міндеттері мен құқықтары:

2.5.1. Өкіл осы Шарттың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес төлемнің Университеттің есеп айырысу шотына уактылы түсуін қамтамасыз етуге міндетті. Білім алушы кәмелетке толған кезде білім беру қызметтерінің ақысын уактылы төлеу жөніндегі міндеттемелер Білім алушыға өтеді.

2.5.2. Өкіл Білім алушының дебиторлық берешегінің бар-жоғын анықтау үшін өзі енгізген сомалардың Университеттің есеп айырысу шотына түсуін салыстырып тексеруге, сондай-ақ жазбаша сұрау жіберу арқылы Білім алушының үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылауға құқылы.

2.5.3. Өкіл Білім алушы кәмелетке толғанға дейін оның өз міндеттерін орындауын және белгіленген қағидаларды сақтауын қамтамасыз етуге Университетке жәрдемдеседі, Университетпен байланыс орнату арқылы оның оқу сабақтарына қатысуын және үлгерімін бақылайды және тәрбиелік сипаттағы шараларды қабылдайды. Білім алушы академиялық және қаржылық берешегінің болуы туралы Өкілге өз бетінше және уактылы хабарлауға міндетті. Өз кезегінде Өкіл Білім алушының үлгерімін, сабаққа қатысуын және қаржылық берешегін үнемі бақылауға міндеттенеді.

2.5.4. Тараптар Білім алушы кәмелетке толған кезде Өкілдің құқықтары мен міндеттері Білім алушыға өтетіні туралы келісімге келді. Бұл ретте Өкілдің осы Шарттың тарапы ретінде шығуына байланысты қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

2.5.5. Интернет желісіндегі Университеттің ресми сайтында <https://uib.edu.kz/>, сондай-ақ Университет пен Білім алушы арасындағы ақпараттық жүйелерде, платформаларда және коммуникация құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе білім беру қызметтерінің құнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше бақылауға. Бұл ретте Өкіл Шарттағы және (немесе) білім беру қызметтерінің құнындағы өзгерістерден хабарсыз болғанына сілтеме жасауға құқылы емес.

2.6. Төлем жасаушы тараптың міндеттері мен құқықтары:

- 2.6.1. Төлем жасаушы тарап осы Шарттың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес төлемнің Университеттің есеп айырысу шотына уактылы түсуін камтамасыз етуге міндетті.
- 2.6.2. Төлем жасаушы тарап Білім алушының дебиторлық берешегінің бар-жоғын анықтау үшін өзі енгізген сомалардың Университеттің есеп айырысу шотына түсуін салыстырып тексеруге, сондай-ақ жазбаша сұрау жіберу арқылы Білім алушының үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылауға құқылы.
- 2.6.3. Төлем жасаушы тарап Білім алушыдан осы Шарттың барлық талаптарын орындауды талап етуге құқылы. Білім алушы талаптарды орындаудан жалтарған жағдайда, Төлем жасаушы тарап Білім алушыдан Төлем жасаушы тарап төлеген және Университет осы Шарттың талаптарына сәйкес ұстап қалған ақшалай төлемдерді өтеуді талап етуге құқылы.
- 2.6.4. Төлем жасаушы тарап Білім алушының академиялық үлгерімі және сабаққа қатысуы туралы мәліметтерді алуға құқылы.

3. БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ ҮШІН ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Оқу ақысын төлеу тәртібі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшада, тиісті жылға арналған білім беру қызметтерінің құнында, Қосылу туралы Өтініште және «Оқу ақысын төлеу және оқу үшін жеңілдіктер беру жүйесі туралы» ережеде белгіленеді. Ерекше жағдайларда Университет оқу ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдеріне байланысты жеке жеңілдіктер қарастыруы мүмкін.
- 3.2. Бірінші оқу жылындағы Білім алушы Университетпен жасалған Шартты бұзған және ағымдағы оқу жылының 15 қыркүйегіне дейін Университеттен оқудан шығу туралы тиісті өтініш берген жағдайда, Университет «Оқу ақысын төлеу және оқу үшін жеңілдіктер беру жүйесі туралы» ереженің талаптарына сәйкес 60 кредиттің құнының 10%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.
- 3.3. Басқа білім беру ұйымдарынан ауысатын Білім алушылар осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойғаннан және оқу ақысын төлегеннен кейін тиісті бұйрық негізінде оқу сабақтарына жіберіледі.
- 3.4. Төлем Университеттің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізіледі.
- 3.5. Білім алушы Университеттен оқудан шығарылған және онымен жасалған Шарт бұзылған жағдайда, кейіннен Білім алушылардың қатарына қайта қабылданған кезде оқу ақысы Білім алушы қайта қабылданған сәтте қолданыста болатын Университеттің нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен, мөлшерде және шарттарда төленеді.
- 3.6. Білім алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда оқу ақысының мөлшері мен төлеу жүйесі сақталады.
- 3.7. Білім алушының оқуын жалғастыруға мүмкіндік бермейтін, медициналық сараптау комиссиясының қорытындысымен (оның ішінде мүгедектік бойынша) расталған ауруына байланысты Университеттен оқудан шығарылған жағдайда, ақшалай қаражатты қайтару мәселесін Университет әкімшілігі қарайды. Бұл ретте ауруға байланысты оқуды жалғастыру мүмкін еместігі туралы өтініш берілген күнге дейінгі ағымдағы академиялық кезең үшін төленген ақшалай қаражат қайтарылмайды.
- 3.8. Білім алушы Университет алдында қаржылық берешегі болмаған жағдайда және білім беру қызметтерін ақылы көрсету туралы шартта және Білім алушы қайта қабылданған сәтте қолданыста болатын Университеттің ішкі нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде білім беру қызметтеріне ақы төлеген жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен қайта қабылдануға құқылы.
- 3.9. Білім алушының берешегі деп Білім алушының оқудан шығу және (немесе) осы Шартты бұзу туралы өтініш берген күніне және (немесе) Білім алушының оқу сабақтарына қатысқанына қарамастан, осы Шарттың 2.1.11-тармағын ескере отырып, тиісті академиялық кезеңдегі білім беру процесін ұйымдастыруға байланысты Университеттің өтелмеген шығындары танылады. Берешекті ерікті түрде өтеуден бас тартқан жағдайда, берешек сомасы Университет тарапынан сот тәртібімен өндіріп алынады. Білім алушының немесе оның Өкілінің кінәсінен Университет шеккен барлық шығындар мен сот шығындары, оның ішінде Университетке негізсіз талаптар қойылған жағдайда туындаған шығындар Білім алушыға немесе оның заңды Өкіліне жүктеледі.
- 3.10. Білім алушы оқуды өз бетінше тоқтатқан және бұл туралы Университетке хабарламаған жағдайда, Білім алушының сабақтарға қатысқанына қарамастан, Университеттің қызметтері үшін төлем осы Шарт бұзылғанға дейін есептеледі. Білім алушы немесе Өкіл оқуды тоқтатқаны және (немесе) осы Шартты біржақты тәртіппен тоқтатқаны туралы Университетке уактылы хабарламағаны үшін, оқу нысанына қарамастан, Университет жауапты болмайды.

3.11. Білім алушы каникул кезеңінде бір білім беру бағдарламасынан басқа білім беру бағдарламасына ауысқан кезде пәнді оқу ақысы Білім алушы ауысатын білім беру бағдарламасындағы кредиттердің құны бойынша төленеді.

3.12. Тараптар келісімге келді және Университеттің инфляция мен әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, жылына бір реттен артық емес 1 (бір) академиялық кредиттің құнын өзгертуге құқылы екендігіне сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімдерін береді. Бұл ретте қосымша келісімге қол қою және (немесе) Қосылу туралы өтінішке қайта қол қою талап етілмейді. Университеттің білім беру қызметтерінің құнына енгізілген өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпарат Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында орналастырылады.

3.13. Білім алушы Университеттің бастамасы бойынша оқудан шығарылған жағдайда, оқу ақысы ретінде енгізілген сома қайтарылмайды.

4. БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша қаржылық берешек туындаған жағдайда, Университет автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді бұғаттайды, ал Білім алушы бақылаудың барлық түрлерін (ағымдағы және қорытынды) тапсыруға жіберілмейді және Университеттен оқудан шығарылуға жатады. Оқу ақысы бойынша қалыптасқан берешек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріп алынады. Білім беру қызметтеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де қызметтерге қатысты қаржылық берешек болған жағдайда, Университет Білім алушыны тиісті академиялық кезеңге тіркеуге жібермейді. Білім алушының немесе оның Өкілінің қаржылық берешекті өтеу үшін ақша қаражатын енгізуі оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Университет білім алушыларының құрамына қайта қабылдану құқығын береді.

4.2. Білім алушының транскрипті және оның жеке ісіндегі өзге де құжаттар Білім алушы «Айналым парағын» рәсімдеп, қаржылық берешегін (оқу ақысы бойынша да, Университеттің өзге де қызметтері бойынша да) толық өтегеннен кейін беріледі.

4.3. Оқу ақысы бойынша және Университеттің басқа да қызметтері бойынша қаржылық берешек білім алушының оқуын аяқтау және/немесе Университеттен шығарылу сәтіне қалыптасқан жағдайда, Университет Білім алушы берешегін толық өтегенге дейін оның алған білімі туралы құжаттардың түпнұсқаларын, сондай-ақ Университетті аяқтағаны туралы дипломды бермеуге құқылы.

4.4. Тараптар осы Шартта көзделмеген жағдайларда өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.5. Университет Білім алушының тұрғылықты жері, телефон нөмірі, отбасылық жағдайы және өзге де мәліметтер туралы дұрыс емес және шындыққа сәйкес келмейтін ақпарат ұсынуының салдары үшін жауапты болмайды.

4.6. Білім алушы осы Шарттың 2.2.1, 2.2.8, 2.3.13, 2.3.15 және 2.3.20-тармақтарында көрсетілген талаптарды бұзған және (немесе) әрекеттерді жасаған жағдайда, келтірілген залалды толық көлемде өтеуге және Университет білім алушыларының қатарынан оқудан шығарылуға жатады. Бұл ретте Университет келтірілген залалды, оның ішінде Университеттің имиджі мен іскерлік беделіне келтірілген залалды сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

4.7. Кәсіптік практикадан өтуге жіберілген жағдайда, Білім алушы өзінің әрекеттері (сондай-ақ әрекетсіздігі, мысалы, өрт қаупі туындаған және басқа да жағдайларда) нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиянды өтеу (өтемақы төлеу) бойынша Университет пен үшінші тұлғалар алдында толық материалдық жауапкершілікке тартылады.

4.8. Білім алушының уәкілетті мемлекеттік органдар алдындағы жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4.9. Осы Шарт Білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бұзылған болып есептеледі.

5. БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шартты орындау барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында Тараптар арасында жазбаша сотқа дейінгі талап-арыздарды жіберу арқылы тікелей

шешіледі. 7 жұмыс күні ішінде жауап берілмеген немесе екінші Тарап үшін қолайсыз жауап берілген жағдайда, келісімге кол жеткізілмеді деп есептеледі.

5.2. Тараптар келіссөздер жүргізу және өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу арқылы шеше алмаған мәселелер Университеттің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.

6. БӨЛІМ. ІШКІ ГРАНТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

Осы бөлімнің талаптары Университеттің «БИЗZONE», «U-Vision», «WINZONE», «UGS» олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне; ХБУ штаттық қызметкерлерінің туыстық дәрежесі бойынша грант алған білім алушыларға (жақын туыстары: әкесі/анасы, ұлы/қызы); мерзімді әскери қызмет өткерген Қазақстан Республикасының азаматтарына; республикалық спорттық құрама командалардың құрамына кіретін спортшыларға; білім беру орталықтары – серіктестердің түлектеріне арналған грант иегерлеріне қолданылады..

6.1. «БИЗZONE», «U-Vision», «WINZONE» олимпиадаларының жеңімпаздары бірінші орын алған жағдайда: 240 кредит шегінде, яғни бүкіл оқу кезеңі бойы; екінші орын алған жағдайда: оқуға түскен сәттен бастап алғашқы 120 кредит шегінде; үшінші орын алған жағдайда: оқуға түскен сәттен бастап алғашқы 60 кредит шегінде төмендегі талаптарды орындаған жағдайда тегін білім алады:

6.1.1. Бір семестрдегі GPA көрсеткіші 3,3-тен төмен болмайтындай білім алу.

6.1.2. «UGS» олимпиадасының жеңімпаздары бірінші орын алған жағдайда оқуға түскен сәттен бастап алғашқы 60 кредит шегінде төмендегі талаптарды орындаған жағдайда тегін білім алады:

6.1.3. Бір семестрдегі GPA көрсеткіші 3,0-ден төмен болмайтындай білім алу.

6.2. Мерзімді әскери қызметін өтеген ҚР азаматтары төмендегі талапты орындаған жағдайда бүкіл оқу кезеңі бойы, яғни 240 кредит шегінде тегін білім алады:

6.2.1. Бір семестрдегі GPA көрсеткіші 3,0-ден төмен болмайтындай білім алу.

6.3. Республикалық спорт құрамаларының мүшелері болып табылатын спортшылар төмендегі талаптарды орындаған жағдайда бүкіл оқу кезеңі бойы, яғни 240 кредит шегінде тегін білім алады:

6.3.1. Бір семестрдегі GPA көрсеткіші 2,5-тен төмен болмайтындай білім алу.

6.3.2. Университеттің барлық спорттық іс-шараларына, сондай-ақ оның қоғамдық қызметіне қатысу.

6.4. Серіктес білім беру орталықтарының (Aiplus, Juz40, Unidem, Samga Academy, Edukey) түлектеріне арналған грант иегерлері серіктес білім беру орталықтарында өткізілген олимпиадада бірінші орын алған жағдайда: 240 кредит шегінде, яғни бүкіл оқу кезеңі бойы; екінші орын алған жағдайда: оқуға түскен сәттен бастап алғашқы 120 кредит шегінде; үшінші орын алған жағдайда: оқуға түскен сәттен бастап алғашқы 60 кредит шегінде төмендегі талапты орындаған жағдайда тегін білім алады:

6.4.1. Бір семестрдегі GPA көрсеткіші 3,3-тен төмен болмайтындай білім алу.

6.5. Жоғарыда көрсетілген ішкі грант иегерлерінің GPA деңгейі белгіленген көрсеткіштен төмендеген және Білім алушы белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда, Білім алушы келесі семестр бойы академиялық үлгерімі мен белсенді қоғамдық қызметі белгіленген талаптарға сәйкес келгенге дейін кредиттердің құнын 100% мөлшерінде төлейді. Егер кезекті семестрдің қорытындысы бойынша Білім алушының көрсеткіштері қайтадан жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, келесі семестрде Білім алушы тегін білім алады.

6.6. Егер Білім алушы оқу жылының қорытындысы бойынша ауысу GPA көрсеткішін жинамаса, бұл жағдайда ішкі грант толық көлемде жоғалады.

6.7. Егер ішкі грант бойынша білім алған немесе оқу үшін жеңілдік (әлеуметтік жеңілдік пен туыстық қатынастарға байланысты берілетін жеңілдік/грантты қоспағанда) алған Білім алушы кез келген негіз бойынша Университеттен оқудан шығарылса, мұндай Білім алушы оқудың барлық өткен кезеңі үшін ішкі гранттың және берілген жеңілдіктің құнын оқуға қабылданған кездегі кредиттің бағасы бойынша өтеуге міндетті.

6.8. ХБУ штаттық қызметкерінің жақын туысы (әкесі/анасы, ұлы/қызы) болып табылатын Білім алушыға грант оның туысы ХБУ штаттық қызметкері болып табылатын кезең ішінде беріледі.

7. БӨЛІМ. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

7.1. Университет таратылу процесі негізінде өз қызметін тоқтатқан немесе лицензиясының кері қайтарылуына байланысты білім беру қызметін тоқтатқан жағдайда, Университет Білім алушының оқу жылын басқа білім беру ұйымдарында аяқтауын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

7.2. Білім алушы ішкі грант және (немесе) оқу ақысының (кредит құнының) төмендетілуі түріндегі жеңілдік алған жағдайда:

– жеңілдік ретінде берілген ішкі грант Университеттің меншігі болып табылады және Білім алушыға материалдық ынталандыру түрінде төленбейді;

– Білім алушы Университеттен оқудан шығарылған жағдайда, оқу ақысының құны арасындағы айырма, яғни жеңілдік, жойылады және барлық оқып өткен кезеңдер үшін толық көлемде өтелуге жатады.

7.3. Осы Шартқа қосыла отырып, Білім алушы және оның заңды Өкілі қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қосымша хабарламасыз Университет ғимаратында бейне/аудио жазбалар жүргізуге, электрондық хабарламаларды жазып алуға және сақтауға құқық береді. Білім алушы және (немесе) оның Өкілі осындай бейне/аудио жазбалардың және (немесе) телефон арқылы сөйлесулердің/электрондық келіссөздердің (оның ішінде мессенджерлер арқылы жүргізілген) жазбаларының Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді сот талқылауы барысында дәлелдеме ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігіне келісім береді.

7.4. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабының 4-тармағына сәйкес: «Қазақстан Республикасындағы білім беру және тәрбие жүйесі, рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады». Университетте діни киім мен діни атрибуттарды киюге жол берілмейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 7-бабының 3-тармағына сәйкес рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

8. БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ШАРТ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ

8.1. Осы Қосылу Шартқа Білім алушы және (немесе) оның заңды Өкілі «Қосылу туралы өтінішке» қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Университеттің оқу жоспарына сәйкес оқудың барлық мерзімі ішінде, сондай-ақ Тараптар қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

8.2. Білім алушы Университеттен оқудан шығарылып, кейіннен Университет білім алушыларының құрамына қайта қабылданған жағдайда, жаңа шарт және Қосылу туралы өтініш жасалады, бұл ретте жаңа шарт жасалған сәтте белгіленген талаптар қолданысқа енгізіледі.

8.3. Осы Шарттың талаптарын Университет Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпаратты орналастыру арқылы өзгертуге және толықтыруға құқылы. Осы Шарттың жекелеген талаптарының өзгертілуі, оның ішінде оның бір немесе бірнеше тармақтарының қолданысының тоқтатылуы, осы Шарттың тұтастай қолданысын тоқтатпайды.

8.4. Білім алушы (Өкіл) Университетке тиісті өтініш жіберу арқылы Университеттің іс жүзінде шеккен шығындарын толық өтеу шартымен Шартты орындаудан бас тарта алады.

8.5. Тараптар арасындағы шарттық қатынастардың тоқтатылған сәті Тараптардың өздеріне алған міндеттемелерін толық орындауы болып табылады.

8.6. Осы Шартты тоқтатуға Білім алушыны оқудан шығару туралы Университеттің тиісті бұйрығын шығару негіз болып табылады. Университеттен оқудан шығару келесі негіздер бойынша жүзеге асырылады және тиісті бұйрық шығарылған күннен басталады:

- Ішкі тәртіп ережелерін, Академиялық адалдық кодексін бұзу, Университеттің қызметкерлері мен оқытушыларына заңсыз материалдық, мүлктік сыйақылар және өзге де игіліктер беру; әдепсіз әрекеттер жасау; оқу сабақтарының өтуіне кедергі келтіру; бұл үшін арнайы бөлінбеген орындарда темекі шегу және/немесе алкогольдік ішімдіктерді пайдалану; Университет аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде бұзақылық жасау және қоғамдық тәртіпті өзге де бұзу; есірткілік, уытты және заңмен тыйым салынған басқа да заттарды тарату және пайдалану және т.б.;

- Университетпен байланыстың жоғалуы (әрбір пән бойынша жалпы сағат санының 20%-дан астамын құрайтын аудиториялық сабақтарды дәлелді себепсіз жүйелі түрде өткізіп жіберу);

- оқу ақысы бойынша қаржылық берешектің болуы және Қосылу Шарттың талаптарына сәйкес төлем мерзімдерін сақтамау;

- Университеттің іскерлік беделіне елеулі зиян келтіру және/немесе Университетке (материалдық) залал келтіру;

- Шарттың (қосылу туралы) талаптарын және одан туындайтын міндеттемелерді орындамау.
Білім алушы оқудан шығарылған кезде Шартты бұзу туралы келісім жасасу талап етілмейді.
8.7. Осы Шарт Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында <https://uib.edu.kz/> орналастырылған.

**ХБУ студентіне
қысқартылған оқу мерзімін көздейтін
ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы
қосылу шартына
№ 1 ҚОСЫМША
ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ**

1. Оқу ақысы 1 (бір) академиялық кредиттің құнына және Білім алушының тиісті академиялық кезеңде жинаған кредиттерінің санына қарай айқындалады. Оқу ақысын төлеу тәртібі Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында <https://uib.edu.kz/> орналастырылған «Оқу ақысы төлеу жүйесі және оқу ақысына жеңілдіктер беру туралы» ережеде де көрсетілген.
2. Тиісті академиялық жылға арналған білім беру бағдарламасы бойынша 1 (бір) академиялық кредиттің құны, сондай-ақ оқу аяқталғанға дейінгі оқудың барлық кейінгі кезеңінің құны «Қосылу туралы өтініште» көрсетіледі.
3. Оқу, курста қайта оқу, пәнді қайта оқу, академиялық айырмашылықты тапсыру, бұрын оқыған пәндерді қайта есептеу кезінде алдын ала төлем көзделеді.
4. Білім алушы Университеттің Академиялық саясатында белгіленген кредиттер саны шегінде тиісті академиялық кезең үшін ғана білім беру қызметтерінің ақысын төлейді.
5. Осы Қосымшаның 3 және 4-тармақтары сақталмаған жағдайда, осы Шарт Білім алушының бастамасы бойынша да, Университеттің бастамасы бойынша да бұзылған кезде, Білім алушының оқу сабақтарына қатысканына қарамастан, ақшалай қаражат Білім алушыға қайтарылмайды. Төлем жасау тәртібі «Оқу ақысын төлеу және оқу үшін жеңілдіктер беру жүйесі туралы» ережемен айқындалады.
6. Білім алушы және (немесе) оның Өкілі осы Шартқа Қосылу туралы өтінішке кол қою кезінде осы Қосымшамен, Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ олардың танысқанын растайтын жеке қолтаңбасының талап етілмейтінін растайды.

Университеттің деректемелері
«Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті» ЖШС
БСН 001240005189
050010 Алматы қ., Абай көшесі, 8А
тел: +7 727 2598005
Банктік деректемелері:
АҚ "Халық Банк"
ИИК KZ736017131000014675
БИК HSBKZKX
АҚ "Kaspi Bank"
ИИК KZ67722S000008166424
БИК CASPKZKA, К6е – 17



Махметова А.М.